

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ермекбай Ж.А. Формирование и развитие науки Советского Казахстана (1946-1991 гг.) // Вестник Томского государственного университета. - 2016. - №413. -С. 103-110.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том: Кеңестік кезеңдегі Қазақстан. - Алматы: Атамұра, 2010.
- 3 Наука Советского Казахстана (1920-1980 гг.). - Алма-Ата: Наука, 1981.
- 4 Культурное строительство в Казахстане. -Алма-Ата, 1965.
- 5 Академия наук Казахской ССР: справочник. - Алма-Ата: Наука, 1987.
- 6 Қазақстан тарихы. 3-том. - Алматы: Атамұра, 2010.
- 7 Сәтбаев Қ.И. Ғылым мен мәдениет туралы мақалалар. - Алматы: Ғылым, 1989.
- 8 Чокин Ш.Ч. Путь Национальной академии наук. - Алматы: Ғылым, 1996.
- 9 Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника. - Москва: Наука, 1987.
- 10 Проблемы развития науки в период перестройки. - Алма-Ата: Наука, 1989.
- 11 Вестник Академии наук КазССР. - 1990. -№3.

### ШЫҢҒЫСХАН ӘУЛЕТІНІҢ КЕЛІНДЕРІ: СҰРҒАҚТАН БИКЕ

#### Тұрарқызы А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Қ.Ж. Нұрбай  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
[turarkyzy3010@icloud.com](mailto:turarkyzy3010@icloud.com)  
Астана қ.,

Тұлғатану тақырыбы - қазақ тарихындағы өзекті мәселе әрі аз зерттелген тақырып болып табылады. Сондай-ақ, бұл тақырыпты таңдаған себебіміз аты аңызға айналған Шыңғыс ханның келіні Сұрғақтан бикенің есімі оқырманға беймәлім.

Қазіргі Моңғолия мемлекетінің жерінде көне заманнан бастап, атап айтқанда IX-XII ғасырларда түркі тайпалары өмір сүрді. Мысалы бүгінгі қазақ халқының құрамына енген керей, меркіт (керейдің ішінде), найман, қоңырат, жалайыр, уақ сияқты тайпалар.

Керейттер Моңғол үстіртіне билік құрған көне тайпалардың бірі. XI-XII ғасырда керейттер феодалдық биліктің алғашқы сатысындағы хандық билік құрды. XI ғасырдың соңы XII ғасырдың басында хандық билік орнығып, керейттер тайпа бірлігінен әскери билікке сүйенген ертефеодалдық ұлыс елге айналды [1, 18 б.]. Меркіттер XIII ғасырдың басына дейін Моңғол үстірті мекендеген және өзіндік ата атауы, ата тегі, тайпалық билеушісі бар ежелгі халықтардың бірі. Олар X ғасырдың соңынан бастап әуелі Бөрте Чинә әулетінен шыққан Моңғол хандарымен, кейін олардың тікелей ұрпағы Тәмужинмен болған қақтығыстары арқылы тарихта белгілі болды. XVII-XVIII ғасырдан бастап қазақтың орта жүзінің құрамында қайтадан бой көрсете бастайды [1, 98 б.].

IX-XII ғасырда наймандар Моңғол үстірті мекен еткені тарихи шындық [1, 53 б.]. XII ғасырдың басында Наймандар өзіндік ата мекен жері, қарулы қолы бар, қанаттас елдермен саяси және сауда қатынасы бір шама өркендеген хандық биліктегі бір тұтас елге айналды [1, 66 б.]. Қоңыраттар өздерін алтын құмырадан жаралған, сондықтан қыздары көрікті, ерлері алтыннан сомдалғандай асыл, шежіре шешен болды деп көрсетеді. Ал олардың шығу тегіне келсек: әсіресе шығыс мұсылман тарихи шежірелері Қоңыраттарды ертедегі Оғус-Динлин ұрпағынан тарады. Теңіз ханның ұрпағы Ел ханның ұлдары Қият және Нүкүздер Қият Боржығын және Қоңыраттың арғы аталары саналды [1, 124 б.]. Қыдырғали Жалайырдың пайымдауы бойынша Жалайырлар Оғуздың Дулуга (Дулагат), чумугун (Шуманак) руларының қатарында Түрік қағанатының құрамында болған. Жалайырдың ата бабалары VIII ғасыр тұсында Сыр бойынан шығысқа қоныс аударады. Ол кезде бұл көшпенділер "Оғуз" аталатын [1, 153 б.]. Жалайырлар Моңғол үстірті мекен еткен тайпалардың ішіндегі сан жағынан ең көбі және әр бір саласының өзіндік билігі бар тайпа болған [1, 154 б.]. Уақтар немесе онгуттар IX-XIII ғасыр аралығында Моңғол үстіртіне Керейт, Найман, Меркіт, Қият, Жажирдай тайпа бірлігі қатарында, әсіресе Шыңғысхан бастаған Моңғолдар тарих төріне дүркіреп шыққан тұста айқын бой көрсетеді де, үш ғасыр бойы тарихта аты аталусыз қалады. XV-XVI ғасыр аралығы немесе Ноғайлы-қалмақ тұсында Ер Көкше, Ер Қосай арқылы "Уақтар" деген атпен қазақ-қыпшақ даласынан қайта бой көрсетеді [1, 182 б.].

Енді нақты тақырыпқа көшсек. Яғни Шыңғысхан әулетінің келіндері туралы, атап айтқанда Шыңғыс ханның ең ықпалды, беделді келіні Сұрғақтан бике туралы айтатын боламыз.

Моңғол тарихи жазбаларында 1203 жылы Шыңғыс хан керейттерді жеңген соң, «оларды (керейттерді) шашау шығармай бөлісіп алды» делінеді [2, 164 б.]. Тұғырыл хан, яғни Оң хан мен Шыңғыз хан дос және одақтас болған кезінде Жағамбу (Тұғырыл ханның інісі) Шыңғыс ханмен туысқан бауыр болды. Шыңғыз хан өзіне Жағамбудың Ибақа бике атты бір қызын айттырып алды, кейіннен оны ол Киіктай ноянға табыстап жіберді. Оның (Жағамбудың) тағы бір Бектумыш есімді қызын өзінің үлкен ұлы Жошы ханға айттырды. Ал Сұрғақтан бике атты үшіншісін Төле ханға (Шыңғыс ханның кенже ұлы) алып берді [2, 164 б.].

Төленің осылайша, ерлігі мен қажыр-қайраты-әкенің белінен, бекзаттық асыл ойлары мен кісілігі-ананың құрсағынан келсе, ордасына оралғанда «отының басы, ошағаның қасы», алтын асықтай ұлдарының анасы Сұрғақтан бике ақылына ақыл қосатын, өміріне қанат, көңіліне санат сыйлаған аяулы қосағы болды. Төленің өмірін Сұрғақтан бикесіз елестету мүмкін емес.

Рашид ад-дин Сұрғақтан бике хақында өз еңбегінің көп жерінде қайталап отырады. «Жамиғ ат-тауарих»-тың бірінші томында: «Ол төрт патшалық інжу-маржанның қабыршағы, төрт керемет, кадамдары мүбәрак, бақытты бекзат және келбеттері жағымды ұлдардың анасы болды» десе, үшінші томда тағы: «Төле ханның әйелдерінің ең үлкені және ең сүйіктісі, әрі олар да Шыңғыс ханның төрт ұлы сияқты мемлекеттің төрт ұстынының дәрежесінде болған, оның төрт ықпалға ие болған ұлдарының анасы болды» деп қайталайды [2, 165-166 бб.].

«Аталмыш Сұрғақтан-бике Шыңғыс ханның кенже ұлы Төленің бас бәйбішесі, ең сүйікті жары болған. Көркі мен ақылына мінезі мен саясаты теңдей екен. Әуел бастан-ақ абыройлы ғана емес, аса құрметті, айрықша беделді. Түпкі нәтиже, Шыңғыс хан әулетінің тарихында атақты Бөртеден кейінгі қасиетті екінші әйел саналады.

Сұрғақтан-бике Шыңғыс ханнан кейінгі заман - Өкетай қаған ордасында да әспетті, сыйлы болған, Күйік қаған кезінде де абыройы жоғары екен. 1246 жылы ел астанасы Қаракорымда болған саяхатшы Плано Карпини Сұрғақтан (Сероктан) қатынның бүкіл Татар қауымында императордың (бұл ретте Күйік хан) анасынан кейінгі ең ықпалды әйел екендігін атап жазады. Көреген ақыл парасаты, қатесіз, терең саясаты арқасында Төле әулетін Жошы әулетімен берік одаққа келтіріп, үлкен ұлы Мөңкені қаған (ұлы қаған) дәрежесіне жеткізеді» [2, 164-166 бб.].

Сұрғақтан бикенің күйеуі Төле түгілі, атасы Шыңғысты аттан түсірерлік ақылына тарихты тамырынан тарта баяндаушы Рашид ад-диннің өзі тәнті болады. «Сұрғақтан бике өте ақылды әрі қабілетті еді, (осы тұрғыдан пайғамбарлар әйелдерінен кейін) әлем әйелдерінен үстем тұратын. Ол толық дәрежеде табандылық, сыпайылық, ұялшақтық және пәктілікке ие еді» [2, 167 б.].

Шын мәнінде мұндағы «пайғамбарлар әйелдерінен кейін әлем әйелдерінен үстем тұратын» деген теңеуді сірә, басқа түркі баласы, басқа мұсылман баласы айта алмас еді [2, 167 б.]. Шыңғыс ханның Сұрғақтан бикеге деген құрметі, ізеті Рашид ад-дин жазбасының әр жерінде қайталанып, еске алынып отырады. Атасы Шыңғыс ханның өзі жас сәби Құбылайға мейірленіп: «нағашыларына тартса жаман болмас, жерде қалмас, жақсы емізіп, ерекше қадағаландар» дегені ғой [2, 167 б.].

Тағы бір қызығы, Рашид-ад-диннің «Жамиғ ат-тауарих» атты бағалы еңбегінің жазылуына Сұрғақтан бикенің де шарапаты тисе керек. Атап айтқанда, оған осы бір ұлан-қайыр, аса құнды, тарих тамырын суыртпақтаған көл-көсір дүниені жазуға 1300 жылы әмір берген Елхан мемлекетінің (бүгінгі Иран аймағы) әміршісі Ғазан хан (1271-1304) - Сұрғақтан бикенің шөбересі болады. Жыл есебінен қарағанда Сұрғақтан бикенің өмірден өткеніне 48 жыл ғана болған кез. Ендеше, үлкен әжесінің еңбегін өз аузынан тамсана баяндап, оның еленбей қалмауын ерекше қадағалағаны Рашид ад-дин жазбаларынан, әсіресе жоғарыдағы жолдардан анық көрініп тұр [2, 168 б.].

Өз ғұмырының алтын уақыттарын тарихқа және ғылымның көптеген салаларына арнаған Ғазан-хан осы жылнаманы оқи және түзей отырып, төмендегідей пікірді айтты: «Осы кезеңге дейін бірде-бір дәуірде осындай тарих жасалмады. Бұл еңбекте әлемнің барлық халықтарының ұшқыр ойлары және өмір сүру жағдайлары жазылған». Олай болса неше ұрпақ патшаларға азық болған, аңыз болған өз ана - Сұрғақтан бике хикаясының алтын әріптермен жазылуы ақ сүтін аямаған әулет анасына деген ұрпақтар парызының бір парасы дер едік [2, 168 б.].

Осындай дана, дара әйелдің күйеуі болған Төле оңаша отауда жарымен не туралы кеңесер еді? Әрине, ел мен жердің тағдыры, алдағы күндер күтіп тұрған қиын мәселелер және оны шешудің жолдары. Соның ішінде әйел затының төркініне бүйрегі бұрылып тұратын қаншыл, бауырмалдығы мен нәзіктігі күйеуінің алдында ерін ұшындағы емеурінмен немесе құлағына сыбырлаған күбірмен болса да жан бауырларының тағдырына алаңдайтындығын білдірмеуі мүмкін бе? Көз алдынан төркін

жұртының қанды қырғынының суреті өшіп үлгермеген жас қыздың орда ішіндегі саликалы бәйбішеге айналған тұсында бұл тақырыпқа күбір-сыбырсыз ашық баруы да ақиқат еді [2, 168-169 бб.].

Рашид ад-дин деректерінен көрініс тапқанындай Төленің де, Сұрғактан бикенің де ерекше қаншыл, туысшыл жандар екенін ескерсек, Төле ханның қайын жұртын «құдайындай» сыйлап өткені көрінеді.

Сұрғактан бикенің Төле өлгеннен кейін де орда ішінде «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болғаны анық көрінеді. Қаған жарлығына қалай қарсы шығайын. Алайда менің мақсатым: балаларымды ес біліп, өз еркін өздері билегенше тәлімді етіп тәрбиелеу, бір-біріне жат бауыр етпеу, сөйтіп олардың татулығы арқылы қағанатқа қандай да бір септігін тигізу»-деген Сұрғактан бике ханның жарлығын бұзып, ақылымен сыпайы тойтарыс жасайды. Оған Үкетай да, Күйік те қарсы уәж айта алмайды [2, 170 б.].

Жамиғ ат-тауарихтағы: «Шыңғыс ханның анасынан да төзімдірек болды және табандылықта одан асып түсті» дегенінің мәнісіне келсек, аталған кітапта айтылғанындай Есукей өліп жесір қалғанда Шыңғыс ханның шешесі Өлуін (Ұлұн) бәйбішенің Меңліктің етегінен ұстап күн көргенін меңзегені еді. Ал Сұрғактан бике өйтіп иілмеді, қаһарлы хандардың ұсынысын кері қайтарды. Нәпсі алдында да, жарлық алдында да құлдық емес асыл текті ханышалық танытты [2, 170 б.].

Сұрғактан бикенің түзету беріп, иландырғанын баяндайды. Және де өз ұлдарының хандыққа отыруы мен ел басқаруында да ақылшы-кеңесші, әз ана бейнесінде жазылады.

Сол тұстағы оқиғаларға тоқталғанда Жошы хан дүниеден өткеннен кейін, оның орнына екінші ұлы Бату отырған еді. «Батудың ауруы жайлы сөз тараған кезде Сұрғактан бике «Науқасты көріп қайту» сылтауымен өзінің ұлы Мөңке қағанды оған жіберді. Бату оның келгеніне қуанды, сөйтіп ол өз көзімен оның бойында салтанат пен ақылдың сипаттарын көргендіктен және Үкетай қағанның балаларына ренжулі болғандықтан: «Мөңке қаған Шыңғыс ханның кенже ұлы Төле ханның үлкен ұлы. Негізгі жұрт пен мекен оған тиесілі. Ол ханзаданың өзі өте ақылды әрі қабілетті және патшалық етуте дайын. Ол турганда қалайша басқа біреу қаған бола алады?! Оған қоса Үкетай қағанның балалары әкесінің сөзіне қарсы шығып, билікті Шераманға берген жоқ. Және көне заң мен дәстүрден аттап өтіп, аға-інілермен кенес жасамай тұрып Шыңғыс ханның барлық балаларынан артық жақсы көрген және оның күйеуінің лақабын Чауыр сечен (Шауыр шешен) деп атаған кенже қызын жазықсыздан-жазықсыз өлтірді. Сол себепті қағандық оларға болмайды» - деді де, ол өзі Мөңке қағанды қағандыққа отырғызды және өзінің барлық бауырлары мен туысқандарын және әмірлерін оған бағындырды, мойынсұндырды [2, 171 б.].

Жалпылай айтқанда, қағандықтың Төле ханның үйіне (шаңырағына) берілуі және өздерінің атына құқықтарды бекітуі Сұрғактан бикенің қабілеттері мен көрегендігіне және олардың Батумен достығы арқасында, оның көмегі мен қолдауы нәтижесінде жүзеге асты. Бұдан кейін де, оның өмірінің соңына дейін және оның өлімінен соң, Сартақ пен Ұлақшының уақытында және Беркенің (билігінің) көп уақытында Төле хан мен Бату ұрпақтарының арасында бірлік пен достық жалғасулы болды [2, 171 б.].

Сұрғактан бикенің Төленің тірі күнінде билікке ашық араласқанын айтпаған күннің өзінде, Төле қайтыс болғаннан кейін хандықтың бар тізгін-шылбырын өз қолына алып, 20 жыл, 1232 жылдан 1252 жылға дейін ел билігіне тікелей араласып отырды [2, 171 б.].

Италиян саяхатшысы Плано Карпини өзінің саяхат естелігінде де Сұрғактан бикені тілге тиек етіп былай дейді: «Шыңғыс ханның тағы бір ұлының балалары: соның бірі Мөңке, оның анасы Сөрөктән (Сұрғактан бике-ред) Батудан және Ел анасы қатұннан қалса, бұл әйел маңғұл әулетіндегі ең мәртебелі, ең ықпалды адам болып табылады» [2, 171-172 бб.].

«Сұрғактан бике Мөңке мен Құбылайдың, Арық Бұқа мен Иранды жаулап, Елхандар әулетінің негізін қалаған Құлағу ханның анасы еді. Шыңғыс хан төрт ұлына өз мұрасын бөліп бергенде керейлер төрт ұлыста да орын алады. Оң ханның Батумен бірге батысқа барған балалары мен немерелері Алтын Орда ыдырай бастағанда Қырымға ие болып, Қырым хандығын құрайды. Міне сондықтан Қырым хандарының аттары Қажы Керей, Дәулет керей ретінде келеді» [2, 172 б.].

Бүкіл Шыңғыс әулетін ашса алақанында, жұмса жұдырғында ұстап отырған Сұрғактан бике заманыныңда, «алтынның сынығы, асылдың қияғы» болған, «жүзіктің көзінен өткендей» өзі жас, өзі бас, бекзат туған Тайбұғаның (Сұрғактан бикенің інісі) хандықтың бір бөлігін жеке дара билемеуі мүмкін бе еді. Онсызда әскери басқару, лауазым тағайындау сынды әмірлікті қолына уыстаған, азулы жас барыс, жезде ағасы Төленің қасында жүрсе.

«Сібір жылнамаларында» Тайбұға Сібір жорығынан келгеннен кейін «Шыңғыс басқаруға жер де берді, сонымен бірге қызын да берді» («дщерь свою даде за него в жену»). Осылайша «Тайбұға гурген болды, яғни әйел жағынан хан әулетінің мүшесіне айналды». Бұл арада біз баяндап отырғандай

Тайбұға Шыңғыс әулетінің туған құда баласы ғана емес, қыз алған күйеу баласы болғаны да көрініп тұр [2, 174 б.].

Шыңғыс хан өзін де бас идірген ақылды келіннің көңілін аулау үшін болса да, оның «жар дегендегі жалғыз бауырына» тозған керей елінің басын қосып тізгінін беруге (әрине, Төленің ұсынысымен) әбден келісер еді. Әрі сол арқылы Тұғырыл алдында өтелмей кеткен қарызын қайтарудың да орайын сәтті пайдаланды.

Шыңғыстың бірнеше жылдан кейін Тайбұға жөнінде естіп, оны қызметке шақырғаны туралы Погосин жылнамасындағы Сібір хандығының шығу тегі атты тарауда баяндалады.

Сөйтіп, Тұғырыл ханның алдындағы Шыңғыстың өтелмей кеткен қарызының бір парасы тарихқа Тайбұға есімін көтеріп шықты [2, 174-175 бб.].

Тайбұға таққа отырған 1220 жылдан есептегенде, оның хан ордасын уысына ұстап отырған әпекесі Сұрғактан бикенің айтқаны орындалып, аналық айбаты асып тұрған шағы. Сұрғактан бикенің 1252 жылы өмірден қайтқанын ескерсек, ол көзінің тірісінде телім-телімге түскен керей баласының ешқайсысын «шекесінен шерткізбеді». «Қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқыттырмады». Керей сарбаздарының бәрі дерлік орда жағалап, лауазымды қызметтер атқарды, халқы хандықтардың құрамындағы шұрайлы жерлерді мекен етті.

Сөйтіп Сұрғактан бике, хандығы құлап, қара ормандай халқы тозғын болған оқиғаны көзімен көріп, көз жасын ішіне жұтса да, төркінінің тағдырына алаңдаумен өмір сүрді. Оның атақты ұлдарына да өсиеттеп: «нағашыларың сендердің құрбандарың болып еді, қан-қарызы мойындарыңда кетпесін. Шамаларың жеткенше қол ұшын беріп, көз қырларыңды сала жүріңдер!» деп тапсыруы әбден мүмкін [2, 176 б.].

«Жошы ханның мавзолейінде оның әйелі, Керей ханы Тұғырыл ханның қызы Бектімұштың да сүйегі табылған. Құрылысы жағынан Жошы хан мавзолейіне ұқсас болып келеді» деген дерекке қарасақ, Бектімұштың да Жошы ордасындағы орнының төмен болмағаны аңғарылады [2, 176 б.].

Бір ананың омырауын тел емген екі қыздың бірінің (Сұрғактан бикенің) сүйегі - Бұрах Ундур (Бұрақ Өндір), Селенга өзеніне жақын жердегі Шыңғыс ханның Ұлы қорығына жерленсе, енді бірінің (Бектымұштың) сүйегі - Қазақ даласындағы хандар орда тіккен Ұлы таудан мәңгілік тұрақ тапты. Олардың әулеті де әлемнің әр түкпіріне, соның ішінде бүгінгі моңғолия, қытай, қазақстан елдеріне тарады [2, 177 б.].

Сұрғактан бикеден туған атақты хандар - Мәнке, Құбылай, Құлағу, Арықбұқа төртеуі әлемді алақанына салған әйгілі тұлғаларға айналса да, нағашыларын сырт тебуге қауқарсыз еді [2, 177 б.].

Қазақта «шөп шыққан жеріне шөп шығады», «су сүзілмейді, ұрпақ үзілмейді», «тектіден текті туады», «досы көпті жау алмайды, туысы көпті дау алмайды», «жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді». «асыл кездік қап түбінде жатпайды», «ат тұяғын тай басар» деген сөздер бар. [2, 178 б.]. Үзілмеген алтын арқау Сұрғактан бике Керейдайқызы сынды аяулы аналардың арқасында бүгінгі Қазақ Даласына жалғанды [2, 178 б.].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр З. Қиянатұлы. - Астана: Елорда, 2001. - 208 б.
2. Шәкенұлы, Ж. Түркілік тек және қазақ тұрғақтары: зерттеулер / Ж. Шәкенұлы. - Нұр-Сұлтан: Өрнек баспасы, 2020. - 428 бет.

### **ЖАМБЫ АТУ: ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МЕРГЕНДІК ӨНЕРІНІҢ БҮГІНГІ ДАМУЫ**

**Асқар А.Қ.**

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Кидралиева А.Б.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
askarayaulim555@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақ халқының әскери мәдениеті мен жауынгерлік дәстүрі ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұраға толы. Дала қағанаттары, сақ-ғұн дәуірінен бастау алған көшпелі өркениет жауынгерін дайындаудың өзіндік мектебі болған. Әскери дайындықта ат үстіндегі айла-тәсілдер, садақ ату, қылыштасу, жебе тарту сияқты іске аса дәлдікті қажет ететін өнерлер ерекше дамыды. Соның ішінде